

БЕКІТІЛДІ  
«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ» КЕ АҚ  
Басқарма тарағасты-ректоры м.у.а.  
Г.Бесбаевтын  
2025 ж. «29 наурызы



1. Адамды жаңа
2. Сабактардың жаңа
3. Университеттің
4. Университеттің
5. Университеттің
6. Университеттің
7. Университеттің
8. Сыныптастырылған

**«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ**

Шымкент, 2025 ж.

## **Мазмұны**

1. Жалпы ережелер
2. Мақсаты және міндеттері
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын қамтамасыз ету
4. Университеттің басшылық құрамы мен жұмыскерлерінің іс-әрекеті мен мінез-құлқының стандарты
5. Университет білім алушыларының іс-әрекеті мен мінез-құлқының стандарты
6. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеті мен мінез-құлқының стандарты
7. Университетпен қарым-қатынас орнатушы сыртқы ұйымдар мен іскерлік серіктестер іс-әрекетінің стандарты
8. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы және жауаптылық

## **1. Жалпы ережелер**

1.1 «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (әрі қарай -Университет) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (әрі қарай – Стандарт) - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес дайындалды.

1.2 Осы Стандарт «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін білдіреді.

1.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт – университеттің басшылық құрамы, жұмыскерлері, білім алушылары, мұдделі тұлғалар, іскерлік серіктестер мен сыртқы ұйымдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет пен мінез-құлық стандартын белгілейді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға бағытталған шектеулерді және тыйымдарды айқындайды.

## **2. Мақсаты және міндеттері**

**2.1.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қабылдау және енгізу мақсаты:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және нөлдік төзімдікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу;
- ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендете және тиімді басқару;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

**2.2.** Осы Стандартты қабылдау және енгізу арқылы университет келесі міндеттерді орындаиды:

- университет қызметінің барлық салалары бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді ұсынымдар жүйесін бекіту;
- ұсынымдарды ішкі актілер жобасын әзірлеу және құқық қолдану тәжірибесінде ескеру.

## **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын қамтамасыз ету**

**3.1.** «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық акционерлік қоғамымен еңбек шартын түзетін «жұмыскер» деп аталатын екінші тарап шартқа Қосымша келісімге қол қою арқылы:

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауға;
- университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджменті жүйесінің ішкі құжаттары нормалары мен талаптарын сақтауға;

- уәкілетті органға, тікелей басшыға немесе университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлауға міндеттеме алады.

**3.2.** Университетпен білім беру қызметін көрсету келісім шартына түрған «білім алушы» немесе «тапсырыс беруші» шартқа қосымша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпеге қол қою арқылы:

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының;

- университеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы менеджменті жүйесінің ішкі құжаттары нормалары мен талаптарын сақтауға;

- уәкілетті органға, тікелей басшыға немесе университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлауға міндеттеме алады.

**3.3.** Университетпен іскерлік қарым-қатынас орнататын немесе шарттық міндеттемелері бар сыртқы ұйымдар шартқа қосымша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпеге қол қою арқылы:

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының;

- университеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы менеджменті жүйесінің ішкі құжаттары нормалары мен талаптарын сақтауға;

- уәкілетті органға, тікелей басшыға немесе университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлауға міндеттеме алады.

#### **4. Университеттің басшылық құрамы мен жұмыскерлерінің іс-әрекеті мен мінез-құлқының стандарты**

**4.1.** Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және тәуекелдерді тәмендету мақсатында университеттің басшылық құрамы мен жұмыскерлеріне келесі іс-әрекет стандарты ұсынылады:

- өзінің қызметтік өкілеттіліктерін іске асыру барысында өз міндеттерін орындаумен байланысты материалдық игіліктер, сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, қызметтер, жеңілдіктер мен өзге де артықшылықтар қабылдамау;

- мұдделер қақтығысын болдырмау, олар туындаған жағдайда қолданыстағы заңнамаға және университеттің ішкі актілеріне сәйкес тиісті тұлғаларға хабарлау;

- білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу, жұмысқа қабылдау, жүктемелерді бөлу және өзге де әкімшілік-басқарушылық, ұйымдастырушылық -өкімдік функцияларды жүзеге асыру барысында өзі

немесе үшінші тұлғалар үшін пайда көру мақсатында қызметтік өкілеттіктерін пайдаланбау;

- университеттің іскерлік беделін құрметтеу, университеттің занды мұдделеріне қайшы келетін немесе қауіп төндіретін іс-әрекеттерге қатысадан сақтану;

- университет жұмыскерлерінің дербес деректері туралы ақпараттарды үшінші тұлғаларға ұсынбау;

- білім, біліктілік, тәжірибе, өнімділік және тиімділік сияқты факторларды ескеріп, меритократия қағидаларын сақтай отырып, қызметкерлердің конкурсстық негізде қызметтік сатыда ілгерілеуін қамтамасыз ету;

- дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы Басқарма төрағасы-ректорға, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне, не өзі жұмыскері болып табылатын құрылымның басшысына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлау;

- лауазымдық міндеттін орындаумен байланысты жоспарлаған және іске асыратын қызметтінде тәуекелдерді тиімді басқару;

- лауазымдық міндеттін орындаумен байланысты құқыққа сыйымсыз уәделер бермеу;

- әріптестері мен басшыларға олардың бейтарап шешімдер қабылдауына әсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын құқыққа сай емес өтініштермен жүгінбеу;

- өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлышқа ережелерін сақтау;

- өзге тұлғаларды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және көтермелемеу;

- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

- орындау үшін алған өкімнің зандылығы күмән тудырган жағдайда, Басқарма төрағасы ректорға, Басқарма мүшелеріне немесе Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке кідіріссіз хабарлау;

- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын туыннататын себептер мен жағдайларды жою;

- отбасы мүшелері мен жақын туыстық қатынаста (ата-анасы, ерлі-зайыптылар, ағасы, інісі, әпкесі, сіңілісі, балалары) тұратын адамдардарға тікелей бағыныстылықта болатын лауазымға тағайындаудан бас тарту;

- академиялық адалдық қағидаларын бұзбау;

- университеттің ішкі актілері нормаларын және еңбек шартында көрсетілген жұмыс беруші талаптарын қатаң сақтау.

**4.2.** Университеттің басшылық құрамы және жұмыскерлері Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта көрсетілген тыйымдар мен шектеулерді сақтауы тиіс.

## **5. Университет білім алушыларының іс-әрекеті мен мінез-құлқының стандарты**

**5.1.** Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және тәуекелдерлі төмендету мақсатында университет білім алушыларына келесі іс-әрекет стандарты ұсынылады:

- университеттің іскерлік беделін құрметтеу, университеттің занды мүдделеріне қайшы келетін немесе қауіп төндіретін іс-әрекеттерге қатысадан сақтану, оның беделі мен абыройына нұқсан келтіретін әрекеттердің жолын кесу;
- дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы Басқарма төрағасы-ректорға, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне, не өзі білім алушы болып табылатын құрылымның басшысына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлау;
- білім алушы мәртебесіне сай келмейтін құқыққа сыйымсыз уәделер бермеу;
- басшылар мен оқытушыларға олардың бейтарап шешімдер қабылдауына әсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын құқыққа сай емес өтініштермен жүгінбеу;
- өзінің немесе өзге білім алушылардың, үшінші тұлғалардың мүддесі үшін заңсыз сыйақы, сыйлықтар, материалдық игіліктер, қызметтер мен женілдіктер ұсынбау;
- білім алу барысында іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау;
- өзге тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу, көмектеспеу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын туыннататын себептер мен жағдайларды жоюға атсалысу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімі мен мәдениетін арттыру;
- академиялық адалдық қағидаларын бұзбау;
- университеттің ішкі актілері нормаларын және білім беру қызметін ұсыну келісім шартында көрсетілген университет талаптарын қатаң сақтау.

**5.2.** Университет білім алушылары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта көрсетілген тыйымдар мен шектеулерді сақтауы тиіс.

## **6. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеті мен мінез-құлқының стандарты**

**6.1.** Қаржы-шаруашылық және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушмен байланысты қызметтерді жүзеге асыру кезінде университеттің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне келесі іс-әрекет стандарты ұсынылады:

- мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

- бюджет және бюджеттен тыс университет қаржысын жоспарлаудың айқындығын қамтамасыз ету;
- университеттің бюджеттік және бюджеттен тыс қаржысын тиімді пайдалану;
- мемлекеттік сатып аулар туралы заңнамаға сәйкес әлеуетті жеткізушілер арасында адаптацияның қамтамасыз ету;
- университеттің жылжитын және жылжымайтын мүліктепе мен гимараттарын жалға беруді ұйымдастыруды сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу;
- заңда көзделгеннен басқа жағдайдарда, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып ауларды өткізу барысына қатысуға бірдей мүмкіндіктер беру;
- жатақханадағы орындарды бөлу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, алқалы шешім қабылдауды басшылыққа алу;
- өткізілетін мемлекеттік сатып ауларға жақын туыстары, отбасы мүшелерінің (ерлі-зайыптылар) қатысуына жол бермеу;
- лауазымдық міндеттін орындаумен байланысты жоспарлаған және іске асыратын қызметтінде тәуекелдерді тиімді басқару;
- лауазымдық міндеттін орындаумен байланысты құқыққа сыйымсыз уәделер бермеу;
- өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау;
- өзге тұлғаларды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және көтермелемеу;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
- орындау үшін алған өкімнің заңдылығы күмән тудырған жағдайда, Басқарма төрағасы ректорға, Басқарма мүшелеріне немесе Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке кідріссіз хабарлау;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын туыннататын себептер мен жағдайларды жою;
- отбасы мүшелері мен жақын туыстық қатынаста (ата-анасы, ерлі-зайыптылар, ағасы, інісі, әпкесі, сіңілісі, балалары) тұратын адамдардарға тікелей бағыныстылықта болатын лауазымға тағайындаудан бас тарту;
- университеттің ішкі актілері нормаларын және еңбек шартында көрсетілген жұмыс беруші талаптарын қатаң сақтау.

**6.2.** Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта көрсетілген тыйымдар мен шектеулерді сақтауы тиіс.

## **7. Университетпен қарым-қатынас орнатушы сыртқы ұйымдар мен іскерлік серіктестер іс-әрекетінің стандарты**

**7.1.** «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен іскерлік немесе шарттық қарым-қатынас орнататын, орнатқан

Тарап шартқа қосымша ескертпеге қол қою арқылы келесі шектеулер мен тыйымдардың сақталатынына келіседі:

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы және өзге сәйкес заңнама нормаларының талаптарын сақтау;
- университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі нормативтік құжаттары талаптарын сақтау;
- мұдделер қақтығысының алдын алу, туындаған жағдайда хабарлау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін тәуекелдерді болдырмау және т.б.

**7.2.** Университетпен қарым-қатынас орнатушы сыртқы ұйымдар мен іскерлік серіктестер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта көрсетілген тыйымдар мен шектеулерді сақтауы тиіс.

## **8. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы және жауаптылық**

**8.1.** Университетте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасы бойынша үйлестіруді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жүзеге асырады.

**8.2.** Университеттің Басқарма мүшелері, филиалдар мен өкілдіктер басшылары және ұйымдық құрылымдар жетекшілері өзіне бағынысты құрылым деңгейінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, тәуекелдерді басқаруға және профилактикалық шаралардың ұйымдастырылуына жауапты болып табылады.

**8.3.** Университет басшылық құрамының, жұмыскерлерінің, білім алушылары мен іскерлік серіктестерінің Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы нормаларын және (немесе) осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт талаптарын бұзуы сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.